

Бастөбе ауылдық округі әкімінің 2016 жылғы 11 шілдедегі № 11 шешімін жойылуы туралы

Алматы облысы Қаратал ауданы Бастөбе ауылдық округі әкімінің 2016 жылғы 4 қазандағы № 31 шешімі

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 37-бабы 8-тармағына, Қазақстан Республикасының "Ветеринария туралы" Заңының 10-1 бабының 8-тармақшасына сәйкес, Қаратал ауданының бас мемлекеттік ветеринариялық - санитариялық инспекторының 2016 жылғы 04 қазандағы № 7 ұсынысы негіздерінде, Бастөбе ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қаратал ауданы Бастөбе ауылдық округінің Ортатөбе ауылы аумағында ұсақ мүйізді малдардың арасында бруцеллез ауруының пайда болуына байланысты, оны ары қарай таратпай жою мақсатында қойылған шектеу іс-шаралары тоқтатылсын.

2. Қаратал ауданы Бастөбе ауылдық округі әкімінің 2016 жылғы 11 шілдедегі " Бастөбе ауылдық округінің Ортатөбе ауылы аумағында шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" № 11 шешімінің (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 3907 нөмірімен 2016 жылғы 22 шілдеде еңгізілген, Қаратал газетінде 2016 жылғы 29 шілдедегі № 31 (7399) жарияланған) күші жойылсын.

3. Осы шешімін орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

*Бастөбе ауылдық
округінің әкімі*

Э. Ким